

Шектеу іс - шараларын алу және "Шілікті ауылдық округіндегі Тасбастау ауылында және Дойка, Гурт, Сарши учаскелеріне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" Зайсан ауданының Шілікті ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 6 шешімнің күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зайсан ауданы Шілікті ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 16 қаңтардағы № 2 шешімі. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Зайсан аудандық Әділет басқармасында 2019 жылғы 18 қаңтарда № 5-11-190 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-1 бабының 8) тармақшасына, "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 46 бабының 2 тармағының 4) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы ауыл шаруашылығы министрлігі ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Зайсан аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас ветеринариялық - санитариялық инспекторының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 395 ұсынысы негізінде, Шілікті ауылдық округінің әкімі ШЕШТІ:

1. Ірі қара малдардың бруцеллез ауруының ошақтарын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешені жүргізілгеніне байланысты Зайсан ауданының Шілікті ауылдық округіндегі Тасбастау ауылында және Дойка, Гурт, Сарши учаскелерінде шектеу іс-шаралары алынсын.

2. Зайсан ауданы Шілікті ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 1 ақпандағы № 6 " Шілікті ауылдық округіндегі Тасбастау ауылында және Дойка, Гурт, Сарши учаскелеріне шектеу іс-шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4887 тіркелген, 2017 жылы 25 ақпанда "Достық" газетінде және 2017 жылы 27 сәуірде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. "Шілікті ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен бекітілген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде, қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік

құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Зайсан ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

4) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Зайсан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау "Шілікті ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесінің бас маманы Б. Жақсылықоваға жүктелсін.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Округ әкімінің м.а.

А. Аршабаева